

Алтаев М.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтінің 2 курс магистранты

## ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚҰЛАН ҚАЛАСЫНЫҢ КЕРАМИКАСЫ

*Аңдатпа*

Мақалада Құлан қаласының қыш ыдыстарының ғылыми сипаттамасы қарастырылған. Сонымен қатар қыш ыдыстардағы өрнектерге де назар аударылды. Ыдыстардың сыртына салынған бедерлерді Э.Сайко, Кверфельд, А.Бернштам секілді ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, жүйелеуге тырысқан. Қыш ыдыстардағы өрнектердің жасалу технологиясы мен өрнектерді жасау құрылғыларын зерттеу соңғы жылдары бірізділікке түсіп, зерттеу сапасы жоғарылап келе жатқанына автор мақала барысында баса назар аударады.

**Кілт сөздер:** Құлан, археология, керамика, орнамент, хум, құмыра.

Altayev M.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>2 course master candidate, Institute of archaeology named after A.Kh. Margulan

## CERAMICS OF THE MEDIEVAL TOWN KULAN

*Abstract*

In the article of except scientific descriptions of pottery were also given serial numbers of graphic Reconstruction and illustrative images of semi-conserved dishes. Furthermore, the author drew attention to the patterns of pottery. There was an attempt to systematize the patterns on the dish, based on the researches of scientists such as E. Saiko, Kverfeld, A. Bernstamm. In the article, author also notes the increase in quality of the technology manufacturing ornaments of pottery devices and their preparations.

**Keywords:** Kulan, archeology, ceramics, ornaments, hum, pitcher.

Алтаев М.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Магистрант 2 курса института археологии им. А.Х.Марғұлана МОН РК

## КЕРАМИКА СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДИЩА КУЛАН

*Аннотация*

В статье рассматривается керамический комплекс городища Кулан. Описывается общие особенности и орнаментации керамических изделий. Кроме того, автор обратил внимание и узорам гончарных посуды. Была попытка систематизировать узоры в посудах, опираясь на исследования ученых как Э. Сайко, Кверфельд, А. Бернштам. В статье также автор отмечает рост качества исследования технологию изготовления орнаментов гончарных посуды и устройств их приготовления.

**Ключевые слова:** Кулан, археология, керамика, орнамент, хум, кувшин

Құлан қаласының археологиялық сипаттамасы. Қазақстанның ортағасырлық қала мәдениетінің ошағы іспеттес Жетісу өңірінің батыс бөлігі ортағасырларда мәдени-экономикалық жүйесі дамыған аймақ болып табылады. Аталған аймақта бастауын тарихтың терең қойнауынан алатын ірі мәдениет және экономикалық-сауда орталықтары болған қалалар шоғырланған. Сондай ірі орталықтардың бірі – ортағасырлық Құлан (Луговое) қаласы. Ортағасырлық Құлан қаласы қазіргі Құлан (Луговое) қаласының солтүстік-шығыс шетінде, Қарағұты өзенінің бойында орналасқан. Қаланың цитаделі солтүстік-батыс бұрышында орналасқан. Цитадельдің қазіргі сақталған биіктігі шамамен 7-8 м, пішіні тік төртбұрыш, көлемі 40x40 м болады. Қала шахристаны

үлкен тіктөрт бұрышқа ұқсайтын жайылған төбе түрінде сақталған. Бұл төбенің солтүстіктен оңтүстікке дейінгі ұзындығы 350 м, шығыстан батысқа қарай 300 м. шахристанның орталық алаңы айнала бекініс қабырғамен қоршалған. Қабырғалардың бұрыштары дөңгелек пішіндегі мұнарамен қамтамасыз етілген. Мұнаралар бекініс қабырғаның бойында әрбір 30-35 м сайын да салынған. Қаланы айнала тереңдігі 1 м және ені 15 м болатын ор қазылған. Қалаға кіретін екі қақпа болған, біріншісі оңтүстік қақпа, екіншісі шығыс қақпа. Қаланың орталық құландысын айналдыра, сопақ пішінді ұзын қорғанмен қоршаған. Ұзын қорғанның диаметрі 3,7x5,5 шақырым болады. Қала қабырғалары қатты қирап, бүлінгенімен, аэрофото түсірілімде анық байқалады. Қорғаныс қабырғасының ішкі бөлігінде, әсіресе оңтүстік-шығыс бөлігінде тығыз орналасқан құрылыс кешені орналасқан. Аталған аймақтан шамамен 300-ге жуық үй-жайлардың орны анықталып отыр. Қала топографиясында үш үлкен төбе көзге түседі. Бұлар қамал, жеке үй-жайлар және сарай бөлігі. Құлан қаласын археологтар түрлі материалдар кешеніне сүйене отырып VII-XIII ғасырлармен мерзімдейді [1, с. 183-253.].

*Құлан қаласы туралы деректер.* Қала туралы мәліметтер VII ғасырдың I-жартысындағы жазбаша деректер бойынша белгілі. Тан әулеті тарихында және қытайлық монах Сюань Цзяньның саяхаттық жазбаларында Құлан қаласы «Цзюйлянь» атауымен белгілі болған [2, с. 269.].

Ибн Хордадбех пен Кудама деген географтар Құланды Тараздан батысқа қарай он төрт фарсахта деп көрсеткен [3, с. 181-184.]. Аталған зерттеушілердің еңбегінде: «Тараз бен Құлан аралығының солтүстік жағы құм, ол құм мен малта тастан тұратын шөл дала, ондағы қиын жол кимақ шекарасына дейін созылады» деп жазылған [3].

X ғасырда өмір сүрген араб географы әл-Макдиси Құланды «бекіністі қала» ретінде «алқалы мешіті» бар және ол үлкен Тараз жолында бос қалған» деп жазған [4, с. 80.]. Бұл деректер Құлан қаласының тарихы тереңде жатқанын айғақтайды.

XIII ғасырдың 20-жылдары жазылған «Якут аль-Хамави» атты географиялық сөздігінде: «Құлан – түріктер елі шекарасындағы, Мауреннахр жағындағы әдемі қала» деп көрсетілген [4].

Құлан шаһарына қатысты тарихи мәліметтер аз емес. Атап айтқанда, қалада 740 жылы батыс түріктің соңғы қағаны Ашинаның ұлы түргеш князі Курсул өлтірілген. Сонымен қатар 840 жылы араб әскері Құланға дейін жеткен деген мәлімет бар. Бұл, сөзсіз, Құлан қаласының өз заманында ірі орталықтардың бірі болғанын көрсетеді. Бұдан өзге де деректер молынан кездеседі [5, Б. 15.].

Қаланы зерттеуге бағытталған археологиялық жұмыстар XIX ғасырдың аяғында бастау алды. Археолог-ғалым А.Бернштам жетекшілік еткен Жетісу археологиялық экспедициясы 1936 жылы зерттеу жұмыстарын қолға алса [6, с. 10-19.], 1963-1965 жылдар аралығында ҚазКСР ҒА-ның Жетісу археологиялық экспедициясының Луговой отряды да маңызды зерттеулерді жалғастырды. Қазба жұмыстары барысында қала маңынан VII-XIII ғасырға жататын көне жәдігерлер табылды. Атап айтқанда, күмбезденіп жабылған жеті бөлмеден тұратын сарай, шарап жасайтын шеберханасы бар үй-жайдың қалдықтары және т.б. тарихи жәдігерлер табылды.

1989 жылы археологиялық зерттеулер қала орталығынан 2,5 шақырым жерде жүргізілді. Зерттеу жүргізілген аумақтың көлемі – 45x40 метр, биіктігі – 4,5 метр. Орталық төбеге жалғасқан аумақтан құрылыс қалдықтары мен сопақша болып келген шұңқырлар анықталды. Құлан қаласындағы қазба жұмыстары барысында сол кезеңнің сәулеті мен құрылыс техникасын жан-жақты сипаттайтын маңызды материалдар да қолға тиді. Бұл туралы А.Нұржанов пен Е.Ақымбек өз зерттеулерінде төмендегідей сипаттама жасайды: «...Зерттеу кезінде мәлім болғанындай, ғимарат тұрғызудағы құрылыстың негізі шикізатына сары топырақ пайдаланылған екен. Ол кірпіш жасауға, қабырға мен еденді сылауға, су өткізбейтін жабынды материал дайындауға қолданылғаны айқын аңғарылады. Орта ғасырда қыш кірпіш еденнің жекелеген бөліктерін төсеуге пайдаланылса, XI-XII ғасырда одан қамалдағы ғимарат қабырғалары тұрғызылғаны белгілі. Сонымен қатар қала салу жұмысында ағаштың да айтарлықтай үлесі мол болған. Ағаш қабырғаларды күшейтуге, тегіс және құлама шатыр құрылымына пайдаланылды. Сары топырақтың арқасында ғимараттар іргетассыз, шым қабатынан тазартылған алаңда, биік жерде бой көтерді. Кейінірек IX ғасырда және одан кейінгі ғасырларда қабырғалардың іргесін беріктендіруге ортағасырлық құрылыстардағы қиранды үйінділер пайдаланылды. Сол кезде қабырғалар 15-20 сантиметрге тереңдетілген. XI-XII ғасырларда ғимарат қабырға ларындағы қыш кірпіштерге бірқатар жалпақ тастар қойылған. Мұның барлығы археологиялық қазба жұмыстары арқылы алынған мәліметтер. Құлан қаласы құрылысы мен құрылымы бойынша ортаазиялық және шығыс түркістандық үлгіге жақын келеді. Ғимараттар мен үйлерді қалау әдісі, материалдарды дайындау тәсілі, қабырғалардың сыртқы көрінісі осыны меңзейді. Материалдардың ұқсастығы бойынша кірпіштердің үлгісі, сонымен қатар көлемі Шаш, Уструшан, Ферғана, Соғды

аумағындағы құрылыстарда, Муг тауындағы және басқа да қамалдар да, Солтүстік Тохаристандағы Зангтепе, Шу өңіріндегі Қызыл қала құрылыстарында кездеседі. Бөлмелердің жабындысына келетін болсақ, олар күмбезді және арқалықты болып келеді. Археологтардың белгі-леуі бойынша «Құлан А» нысанындағы ғимараттың күмбезі тікбұрышты кірпіштен құралған көлбеу кесінді техникасында орындалса, «Құлан Г» нысанындағы ғимараттың 8 бөлмесінің күмбезі сүйір леніп қаланғандығы байқалады. Бөлмелердегі екі қабырға арасы 2,7-3 метр шамасында [5, Б. 15.].

*Құлан қаласының керамикасына сипаттама.*

Жасалу технологиясына қарай керамикалар 3 топқа бөлінеді: қолмен жапсырылып жасалған, арнайы шарықта жасалған және шарықта жасалған сырлы ыдыстан.

Ас үйлік және асханалық ыдыстар: қазан, құмыра, қыш ыдыс қақпақтары, түбектер, дастархан, кесе т.б. Тұрмыстық – шаруашылық мақсаттағы қыш ыдыстар: құмған, шырақ бөлшектері, хум, үлкен көлемдегі құмыра т.б. Зерттеу барысында табылған қыш ыдыстарда түрлі өрнектер бедерленгені анықталған. Археология ғылымында керамикадағы өрнектерді немен жасағаны және қандай мағынаға ие екені зерттеліп, бүгінде біршама жетістіктерге жетіп отыр. Керамикалардағы өрнектерге кеңес заманында ғалымдар тарапынан үлкен қызығушылық танытып, түрлі зерттеулер жүргізілді. Орта Азиялық керамикалардың бедерлерін, оның ішінде фаянс секілді шыңылтыр ыдыстар мен басқа да қыш ыдыстардағы өрнектер Е.М. Пещерованың еңбектерінде көрініс тауып, зерделенді [7, с. 78-87.]. Сонымен қатар, Орта Азиядағы орта ғасырлық қалашықтардың қыш бұйымдарындағы орнамент элементтері Э.Сайконың зерттеулерінде қарастырылған [8, с. 3-10.]. Жетісу жеріндегі Қарлұқтардың қыш бұйымдарындағы бедерлерге А.Н.Бернштам да ерекше тоқталып, қарлұқ керамикаларындағы бедердің шығу тарихын түрлі мәдени байланыстардан іздейді [9, с. 150-160.].

Археологиялық еңбектерде әдетте сырланбаған керамикалардың ою-өрнегінің жасалу әдіс-тәсілдері жайында онша көп мәліметтер айтыла бермейді. Кеңес заманында шығыс керамикасына ерекше назар аударған ғалым Э.К.Кверфельд пен А.Н.Бернштам керамикалардағы өрнектердің жүйесін жасауға тырысып, түрлі ою-өрнек, бедерлерді саралап, негізгі принциптеріне тоқталады, әрі оларды төмендегідей сегіз түрде бөліп сипаттаған:

1. Дөрекі бедер;
2. Пуансон. (металлды қысыммен өңдейтін штамптың үстіңгі дөңестеу бөлігі);
3. Оймыш;
4. Мортанба;
5. Бұрандалы ою;
6. Ойылып салынған бедер;
7. Саусақпен жасалған бедер;
8. Бұрала өріліп жабыстырылған саз балшық [10, с. 6.].


Келтірілген деректерді талдап қарар болсақ, әр кезеңдегі материалдарды сипаттауда әр түрлі негізге сүйенген. Мәселен соғдылардың керамикасын сипаттағанда, сыртқы сипатына көбірек көңіл бөлінсе, қарлұқтардың керамикасын сипаттағанда, құралдар мен оюды жасау принциптеріне сүйенеді. Мұндай мысалдарды отандық археологияда да байқауға болады. Керамиканың ою-өрнектерін сипаттауда көбіне шыңылтырлы (глазурленген) керамикалар таңдалады. Себебі шыңылтырлы керамикалар түрлі суреттермен безендірілген, бірнеше композицияны қатар бейнелейтін болып келеді. Сондай-ақ керамикалардың өрнегіне зерттеу жүргізгенде көбіне өрнекті жасайтын құралдар да қатар сипатталып, зерттеу жұмысында маңызды орын алады. Қыш бұйымдарды осылай жүйелеу қаншама жылдар бойы осы айтылған принциптер негізінде жүргізіліп келеді. Қыш ыдыстағы бедерлерді зерттеген ғалым Э.Сайко осы секілді мысалдарды талдай келе, керамикалардың бұлай жүйеленуін жеткіліксіз деп көрсететеді [11, с. 3.]. Біріншіден, керамикаларға ою салуда пайдаланған құралдардың көптігі және әр түрлігі; екіншіден, барлық уақытта осы құралдар ғана пайдаланылды деп айтуға болмайды; үшінші, мысалға келтірілген бірлі, екілі құралдар өз кезегінде неше түрлі бейнелер салуға қолданыла береді. Соңғы жылдары археолог мамандар керамика оюларын сипаттауда белгілі бір ортақ ойларға жақындай түсуде. Қыш бұйым классификациясын жасауда ортақ термин сөздер қалыптасып, зерттеу жұмысын жеңілдетте түсті. Соған қарамастан ғылымда керамика оюларының жасалу технологиясы жайында біршама шешімін таппаған мәселелер әлі де бар деп айтуға болады. Қыш бұйымдардағы өрнектердің жасалу технологиясын өткен ғасырдың қыркыншы, жылдарында Э.Кверфельд өз еңбектерінде талдау жүргізеді [12]. Қыш ыдыстардағы өрнектер қола дәуірінен бастау алады деп айтуға болады. Себебі қола дәуіріне қатысты қоныстарды қазу барысында табылған қыш ыдыстарда көбіне штрихталған, үшбұрыштар, зигзагтар, шырша, дөңгелек батырып салынған оюлар мен сызықшалардан тұрады [13, с. 159.]. Сонымен қатар, қола дәуіріндегі қыш ыдыстарда жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің бейнеленуінің өзіндік сырлары бар, ол сол дәуірдегі адамдардың тұрмысы көбіне табиғатқа тәуелді болғандықтан, табиғат күшін киелі рух деп түсініп, жоғарыдағы бейнелерді қыш ыдыстарда бейнелеген [14, с. 42.]. Бедерлері үшбұрышты және ілмек

тәрізді болып келетін қыш ыдыс толық сақталмаған. Бедері ерекше. Бұйым қабырғасына терең батырылып жасалған. Бейнелері ілмек секілді бір бағытты көрсетеді. Геометриялы үлгіде нақышталған. Оймыштап өрнек салудың артықшылығы сырттан қарағанда ерекше көрініс беруінде. Себебі керамиканың ішке ойылған жері жарыққа ала көлеңке жасап, сыртқы сипатты әсемдете түседі. Керамиканы бұлай өрнектеу Орта Азияда өте кең тараған. Әсіресе Қараханидтер кезінде бұл әдіс бұрынғыдан да қатты дами түсті. А.Н. Бернштам оймыштап салу ісінің шығу тегін көшпенділердің ағашқа ойып салған өрнектерімен тікелей байланыстырады [9, с. 155.]. Тұрмыстағы қыш бұйымдардағы бұл өрнек IX-X ғасырларда өте жақсы дами түссе, XI-XII ғасырларда штамптап салу әдісіне және сызу арқылы бейнелеу әдісіне аздап жол береді. Солай бола тұрса да, оймыш әдісі керамика ісінде тоқтап қалған емес. Жалпы кез келген уақытта оймыш әдісі өзі айтып тұрғандай қыш бұйымның қабырғасын ою арқылы жасалады. Жұмыс арнайы жүзі өткір, әрі бұрышқа негізделген металлмен немесе ағаш құралмен жасалады. Топталып берілген қыш ыдыстардағы өрнектердің кейбіреулері негізінен өсімдік композициясына негізделіп берілсе, енді бір өрнектер геометриялық бейнемен өңделген, сондай-ақ өрнектерді салу ісінде қатты зат пайдаланылып, терең етіп салынған. Оңтүстікте орналасқан қалалардың қыш ыдыстарында, оның ішінде шыңылтырлы қыш ыдыстарда өсімдік-геометриялық өрнектер қатар бейнелеуі жиі ұшырасатын жағдай. Жалпы қыш ыдыстарға бедерді терең етіп салу, бұл ыдыстың сыртқы кейпін әрлендіре түсетінін біз жоғарыда мысал келтірген Э.Сайконың еңбектерінде айтылған. Соңғы топтамадағы қыш ыдыстарға бедерлер мөртаңбаның көмегімен салынған. Өрнектер дөңлек, жарты ай тәріздес бейнелерді көрсетеді.

Қазақстан мен Орта Азия халықтарының арасындағы ұзақ уақытқа созылған саяси, экономикалық және мәдени байланыстар олардан қалған материалдарда, оның ішінде керамикалық бұйымдарда жақсы көрініс тапқан. Керамикалық материалдар экономикалық және мәдени байланыстардың негізгі жүйесін анықтауға мүмкіндік береді. Түркі-оғыз кезеңінде экономикалық қарым-қатынас Сырдарияның төменгі ағысындағы оғыз халықтары мен Жетісудағы қарлұқ тайпалары және Ташкент оазисіндегі түркі-соғды халықтары арасында өрбіген. Бұл қарым-қатынастар дамып, одан әрі жалғасын таба берген, сонымен қатар мәдени байланыстардың керамикалардан да байқауға болады. Бірақ аса көп емес, себебі бұл кезде оңтүстік және Жетісу өңірлерінде де керамика жасау өндірісі локальды сипатта дамығандығы белгілі. Керамикалардағы өрнектердің жасалу тәсілі, ағаштарға салынған оймышты өрнектер және сүйек ұқсату тәсілдері арасындағы ұқсастықтар Құлан қаласының ортағасырларда көрші аймақтармен тығыз қарым-қатынаста болғанын дәлелдей түседі.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Байпаков К.М. *Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции)*. Книга II. *Урбанизация Казахстана в IX – начале XIII в.* - Алматы, 2013. - 514 с., илл.
2. Зуев Ю.А. *Китайские известия о Суябе // Ранние тюрки; очерк истории и идеологии.* - Алматы, 2002. - С. 269.
3. Ибн Хордадбек. *Книга путей и стран. Перевод с арабского комментарий, исследование, указатели и карты Н. Велихановой.* - Баку: Элм, 1986. - 428 стр.
4. Волин С.Л. *Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды ИИАЭ АН КазССР.* - 1960. - Т. 8. - С. 80.
5. Нұржанов А.Ә., Ақымбек Е.Ш. *Құлан // Ана тілі. №49-50 (1255-1256). 11 – 18 желтоқсан. 2014 жыл.* - 15 бет.
6. Бернштам А.Н. *Труды Семиреченской археологической экспедиции «Чуйская долина».* Изво АН СССР. - Москва-Ленинград: 1950. - 249 с.
7. Пецерева Е.М. *Гончарное производство Средней Азии.* - Москва. 1959. 396 стр.
8. Сайко Э. *Керамика как исторический источник.* «Наука». - 1989. 177 стр.
9. Бернштам А.Н. *Историко – Археологические очерки центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алтая.* Москва. - 1952. 346 стр.
10. Сайко Э.В. *Методологические основы исследования древней керамики, М.:* - 1977., 52 стр.
11. Сайко Э.В. *История технологии керамического ремесла Средней Азии VIII-XII вв.* Душанбе, - 1966. 211стр.
12. Кверфельд Э.К. *Керамика Ближнего Востока, Л., 1947*
13. Шораев Б. *Ежелгі және ортағасырлық Қазақстандағы мәденигенез үдерістері бойынша материалдар мен зерттеулер.* Алматы. - 2012 ж. 165 б.



Сурет 1. Ортағасырлық Құлан қаласының ғарыштан түсірілген суреті (сурет Google Earth Pro бағдарламасынан алынды)



Сурет 1. Ортағасырлық Құлан қаласының аэросуреті (сурет silkroads.org.cn порталынан алынды)



Сурет 2. Құлан қаласынан табылған керамика кешені терракоталық тақталар  
(сурет [silkroads.org.cn](http://silkroads.org.cn) порталынан алынды)